

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 7 (9325) | 1954 жылғы 10 январь Жексенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Механизатор кадрларын көптеп даярлайық

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығына үнемі жасап отырған қамқорлығының арқасында бүгінгі күндегі сыяқты біздің облысымыздың колхоздарының да материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға нығайып келеді. Тек соңғы үш жылдың ішінде облыс МТС-тері өнеркәсіп орындарынан жаңадан көп қуатты тракторлар мен комбайндарды, сол сыяқты, басқа да қазіргі заманғы, отандық жаңа ауылшаруашылық техникасын алды. Мұның өзі колхоздарда егіншілік мәдениетін арттыра түсуге, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға, еңбек өнімділігін арттыра беруге жағдай тудырды.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын оған әрі өркендете беруді көздеп, МТС-терді жаңа тракторлармен, комбайндармен, басқа да ауылшаруашылық машиналарымен, құрал-жабдықтармен оған әрі мол жабдықтап берудің тамаша программасын жасап берді. Пленум қаулысының жүзеге асырылуы негізінде біздің облыстың МТС-тері үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында жаңа тракторларды өткен жыл бойынан да көп алғалы отыр. Сол сыяқты, басқа да ауылшаруашылық машиналары быйыл өткен жылдан азғұрлым көп алынады. Мұның бәрі, машина-трактор станцияларының қамтуындағы колхоздардағы барлық ауылшаруашылық жұмыстарының төрттен үш бөлігіне жуығын техника күшімен орындауына мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

Бірақ, облысымыздағы көптеген МТС-тердің маман тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері, комбайншылар және басқа мамандықтағы жұмысшылар кадрларымен қамтамасыз етілу дәрежесі, олардың үнемі өсіп отырған материалдық-техникалық базасынан кейін қалып отырғанын айта кетіміз керек. Егер өткен —1953 жылы трактор жұмыстарының жылдық жоспары Образцовая МТС-і бойынша 78,4 процент, Баян МТС-і бойынша 81,3 процент, Конавалов МТС-і бойынша 82,6 процент орындалған болса, бұл техника күшінің жеткіліксіздігінен емес, аталған МТС-терде маман тракторшылардың, комбайншылардың жеткіліксіздігінен, техниканы неғұрлым толық және өнімді пайдалана білетін тұрақты маман механизатор кадрларды өсі-

шаруашылық басқармасы да кінәлі. Өйткені, облыстық ауылшаруашылық басқармасы бұл курстардың жұмысын жүргізуге тиісті нұсқауларды өте көп береді, ауылшаруашылық басқармасының мамандары МТС-терде оқитекте ғана болып, олардағы нақты жағдаймен жете танысып отырмайды. Механизатор кадрларын даярлау ісіндегі кемшіліктерді дереу жойып отыруға МТС басшыларына жеткілікті көмек көрсетпейді.

Механизатор кадрларын даярлау жөнінде облысымыздағы механизация мектептері зор роль атқарады. Бірақ, бұл мектептерде кадр даярлау жұмысы бүгінгі күннің талабына сай емес. Мысалға Петропавл механизация мектебін алайық. Мұнда оқыттын механизаторларға берілетін теориялық білім практикалық жұмыспен нашар байланыстырылады. Оларға теориялық білім бергенде еліміздегі озат механизаторлардың, жаңашылардың табыстарымен байланыстыру жағы жеткіліксіз. Онымен бірге, бұл мектепте оқытып 460 адамның ішінен 80 адам ғана жатақханаға орналастырылған. Оқушылардың басым көпшілігі жатақханадан орынның жеткіліксіздігінен мектептен 2—3 километр қашықтықтағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы мен бірінші заводында тұрады.

Сол сыяқты, мектеп жанындағы асхана үйі бір ретте тек 70—80 адамды ғана тамақтандыра алады. Міне, осының бәрі оқушылардың тамақтануға, мектепке келіп, кетуге көп уақыт жұмсауға мәжбүр етіп келеді. Бұл жағдай оқудың сапасын арттыруға да өзінің кері әсерін тигізіп отыр.

Мұндай кемшілік Приешім ауданындағы Ленин механизация мектебінде де бар. Бұл мектептің жанында жатақхананың мүлде болмауы себепті 370 оқушы-механизаторлар мектептен едәуір қашықтықтағы Надежка селосында тұрады.

МТС-тердегі үнемі өсіп отырған ауылшаруашылық техникасының күшін толық пайдалану механизатор кадрларды тәрбиелеу ісін жақсарту беруді керек етеді. Олай болса, облыстық партия, совет органдары, шаруашылық басшылары, әсіресе, механизация мектептерінің дирекциялары бұл кадрларды бүгінгі күннің талабына сай даярлауға міндетті.

Бейбір аудан және МТС басшылары

Көктемгі егіске әзірлену қарқынын үдете түсейік

Мол өнім алу жолындағы күрес

Ғылым мен озат тәжірибенің табыстарына негізделген қысқы агротехникалық шаралардың дұрыс жүзеге асырылуы —егіннен мол өнім алудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Чистов астық совхозының коллективі мұны өздерінің көп жылғы тәжірибелерімен дәлелдеп келеді. Совхоз коллективі қазіргі уақытта да егіс алаңдарына қар тоқтату, тұқым тазарту, жергілікті тыңайтқыштарды әзірлеу ісін ойдағыдай жүргізуде.

Совхозда қар тоқтату жұмысына 4 трактор бөлінген. Олармен күн сайын 300—350 гектар егістік алаңдардың қары жыртылып, қар ұстайтын бөгеттер жасалады. Онымен бірге, қар тоқтату жұмысына көлік күштері пайдаланылады.

Егіс алаңдарына қар тоқтатуда «С—80» қуатты тракторымен жұмыс істейтін тракторшы Әлібеков, Жабраилов жолдастар және «ЧТЗ» тракторымен жұмыс істейтін ағайынды Иван мен Алексей Шарый жолдастар еменалық тапсырмаларын үнемі 130—150 процент орындап жүр. Қар тоқтатудағы басқа да механизаторлар мен жұмысшылардың еңбекті өнімді істеуінің нәтижесінде совхозда 5.750 гектар алаңға қар тоқтатылды.

Совхозда тұқым қоры дақылдардың барлық түрлерінен де жеткілікті мөлшерде кұйылған. Оларды тазарту жұмысы 4 «ВМ» машиналарының күшімен күні-түні бірдей жүргізіледі. Қазір совхозда 12 мың центнер тұқым тазартылып, шығымдылық сапаға жеткізілді.

Сол сыяқты, совхоздың барлық бөлімшелерінде жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау ісіне арнаулы бригадалар бөлінген. Олардың жұмыс істеуіне керекті жағдайлар жасалған.

Совхоз коллективі барлық егіннен тұрақты және мол өнім алу жолындағы күресті бұдан былай да өрістеген қызу қарқынмен жүргізе бермек.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(өз тілшіміз).

Елеулі кемшілік

Октябрь ауданы, Киров атындағы ауылшаруашылық артелиде тұқым әзірлеу жұмысы өте-өте қанағаттанғысыз жүр-

Облыс партия және совет органдарының басты міндеттерінің бірі—механизатор кадрларын даярлайтын мектептердегі кемшіліктерді тез жою, МТС-тер жанындағы тракторшыларды, комбайншыларды қайта даярлайтын курстардың жұмысын жақсарту, оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын күшейту, оқу сапасын арттыру болып табылады. Қазір бұған керекті мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Міндет—сол мүмкіншіліктерді сарқа пайдалана білуде.

Жанар, жағар майлардың мол қорын жасау маңызды міндет

Көктемгі егіс жұмыстарын агротехникалық ең қолайлы мерзім ішінде саналы өткізу үшін зият пен парды мол дайындаудың, жоғары сортты тұқымды жеткілікті әзірлеудің, қар тоқтату, тұқым тазарту сыяқты қысқы агротехникалық шараларды ойдағыдай жүзеге асырудың, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын саналы жөндеудің маңызы қандай зор болса, көктемгі егіске дейін, демек, қысқы маусымда керекті жанар, жағар майлардың қорын мол жасаудың да сондай зор маңызы бар. Өйткені, жанар және жағар майлардың мол қорын жасамайынша, машиналардың қуатын өнімді және сарқа пайдалануға болмайды. Бұл біздің іс тәжірибемізден көрініп келеді. Өткен жылы жекелеген трактор бригадаларына жанар, жағар майлардың уақытында жеткізілмеуінен көп тракторлардың ондаған жұмыс сағаты босқа өтті. Мұның өзі көктемгі егістің бескүндік графика-терінің орындалмауына әкеліп соғып жүрді.

Үстіміздегі жылы бұл кемшіліктердің қайталанбауы үшін біз біраз шараларды белгілеп, оны жүзеге асырудамыз. Алдымен жанар және жағар майларды тасу, оны сақтау жұмыстарын жолға қойдық. Біздің совхозда алдағы жылдың көктемінде дақылдардың барлық түрлерін қоса есептегенде 11.500 гектар егіс егіледі. Бұл жұмыстарды аяқаратын тракторларға 130 тонна жанар және жағар май керек. Мұны қысқы маусымда тасып алу көктемгі егіс кезіндегі жұмыстарды көп жеңілдетеді. Механика күшін күні-түні бірдей пайдалануға жағдай тудырады.

Міне, сондықтан да біз жанар, жағар майлардың барлық түрінен мол қор жасауды ерте бастан қолға алдық. Мұнайды тасып алуға арнаулы күш-көліктерін

бөліп, олардың жұмыс өнімділігін арттыруын қамтамасыз еттік. Осының нәтижесінде үстіміздегі жылдың 1 январына дейін 144 тонна жанар және жағар майлар тасылып, бұл жөніндегі жоспар 110 процент орындалды.

Онымен бірге совхоздың автомобиль паркiнiң 1954 жылдың бірінші жартысында жұмыс істеуіне мол жететін бензин қорын жасадық. Майдың барлық түрі берік ыдыстарда, жабдықталған жерлерде сақталып келеді.

Совхозда әлі де болса 60 тонна жанар және жағар май сыятын бос ыдыстар бар. Оларды мұнаймен толтырып алудың мүмкіншіліктері бізде жеткілікті. Жалғыз-ақ сол мүмкіншіліктерді пайдалануға бөгет жасап отырған Қыялы мұнай базасының басшылары. Себебі бұл базаның басшылары совхоздың тілегімен, оның жағдайымен санапайды. Жанар және жағар майларды бөсеткенде совхоздардың ыдыстарының көлемін, немесе, олардың машиналарының санын, сондай-ақ қай мезгілде қанша жанар, жағар май жұмсайтындығын есептемейді. Ал, біз бұл жағдайларды айтсақ, «дұрыс» дейді де, артынша өздерінің жұмысын ескі әдетпен жүргізе береді. Ал, бұл біздің жұмысымызға керісінше әсерін тигізеді.

Бұған төзуге болмайды. Жанар және жағар майлардың әрбір совхоздағы техника күшіне қарай, совхоздардың жағдайына, жұмыс маусымына қарай дұрыс бөлінуін ескеру, бұл іске үздіксіз бақылау жасау облыстық совхоздар тресі мен облыстық нефтьбойт мекемелерінің міндеті. Ал, бұл мекемелер әзірге бұл мәселеге жеке назар аудармай келеді.

М. СОЛОНИН,

Қыялы астық совхозының директоры.

Менің табысым

Мен көп жылдар бойы МТС-те комбайншы болып істеймін. Колхозшы шаруалардың бітік әсірген егін-әрі ысырапсыз,

атқарады. Ал, біздің МТС-те мұндай маман аз. Машиналарды жөндеу жұмысына осы ташымалықтың әсерін тигізбеу үшін

Халықтық демократия елдерінде

ГДР Министрлер Советінің мәжлісінде

БЕРЛИН, 8 январь. (СОТА). ГДР премьер-министрінің жанындағы информация ведомствосының хабарына қарағанда, 7 январьда ГДР Министрлер Советінің мәжлісі болған.

Премьер-министр Отто Гротевольдтің ұсынысы бойынша осы мәжлісте «Германия бірлігінің мәселелері жөніндегі комитет» құру туралы қарар қабылданды, ол комитет Германиямен бітім договорын даярлауға және демократияшыл, бейбітшілік сүйгіш, тәуелсіз Германияның бірлігін қалпына келтіруге байланысты барлық мәселелермен айналысатын болады. Отто Гротевольдтің ұсынысы бойынша комитеттің председателдігіне премьер-министрдің орынбасары доктор Лох, ал комитеттің секретарлығына — профессор Норден сайланды. Норден сонымен бірге статс-секретарь болып тағайындалды.

Январьдан бастап Совет Одағының ГДР-дан алатын соғыс шығыны тоқтатылумен байланысты Министрлер Советі репарация жөніндегі ведомствоны тарату туралы қарар қабылдады. Министрлер Советі бүкіл неміс халқы атынан қалтқысыз зор көмегі үшін Совет Одағының үкметіне алғыс білдірді.

Министрлер Советінің мәжлісінде сол сыяқты басқа да мәселелер қаралды.

Албанияда ауыл шаруашылығы және өнеркәсіпті механикаландыру

ТИРАНА. (СОТА). Албанияның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінде өндіріс процестерін механикаландыру күшейе түсуде. Өткен жылы елдің құрылыс кәсіпорындары Совет өнеркәсібі шығарған қазіргі заманның механизмдерін — экскаваторлар, бульдозерлер, скреперлер және автотранспортерлер алды.

Шахталар мен рудниктерде, сол сыяқты мұнай кәсіпшіліктерінде қазіргі заманның жаңа машиналары мен жабдықтары барған сайын кеңінен пайдалануда. Өткен жылы Мемалиндағы көмір шахтасында бұрғылау машиналары қолданылды. Осының нәтижесінде шахтада жылдың ішінде еңбек өнімділігі 33 процент өсті.

ру ісіне көп өрнектенген болашақ жеткілік.

Трактор жұмыстарының жылдық жоспарының орындалмауы, жер жырту, егін жыйнау сыяқты аса маңызды шаруашылық жұмыстарының сапасы нашар болды, сол сыяқты, малға жемшоп дайындау жөніндегі жоспардың қанағаттанғысыз орындалу фактілері облыстың басқа да бірқатар МТС-терінде кездесті.

Аудан басшылары мен МТС басшылары механизатор кадрларының жеткіліксіздігін тракторлардың көбінесе бір сменана ғана жұмыс істеп келгенін естен шығармай, быйыл бұл мамандарды даярлау және қайта даярлау ісін жолға қоюға тиіс еді.

Амал не, істің жайы көптеген МТС-терде бұған керісінше болып отыр. Рас, сентябрь Пленумының қаулысына байланысты облыс МТС-тері өндіріс орындарында, халық шаруашылығының басқа да салаларында жұмыс істеп жүрген бұрынғы тракторшылардың, комбайншылардың МТС-ке қайта оралуы есебінен өздерінің механизатор кадрларының құрамын едәуір толықтырды. Дегенмен, МТС-терде бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан тракторшыларды, комбайншыларды МТС жанындағы курстерде оқыту, олардың теориялық білімдерін көтеру ісі өте-өте нашар. Бұл жөнінде көптеген МТС-терде тракторшыларды қайта даярлау жөніндегі курстердің әлі күнге дейін жұмысқа кіріспегенін айтудың өзі жеткілікті.

МТС-тердегі механизатор кадрларын қайта даярлау жөніндегі курстердің жұмысының нашарлығына облыстық ауыл-

дардың санын кәзіргі қолда бар тракторлар мен комбайндардың мөлшеріне қарай аяқпайды. Бұл дұрыс емес. Мәселен, Устіміздегі жылы облыс МТС-тері жаңадан 200-ге жуық комбайн және сол мөлшерде трактор алғалы отыр. Ал, осыларды қолға есептегенде барлық тракторлар мен комбайндардың екі сменана жұмыс істеуін қамтуға 1 мыңнан астам тракторшылар мен комбайншылар жетпейді. Бұл жағдай ауылшаруашылық машиналарының күшін екі смена бойына пайдалануға кері әсерін тигізеді.

Устіміздегі жылы облыс колхоздарының барлығы дерлік тың жерлерді және көп жыл бойына пайдаланымай жатқан жерлерді меңгеру шараларын белгілеп отыр. Тың жерлерді көтеру жұмысы, әсіресе, Октябрь, Преснов, Ленин аудандарының колхоздарында едәуір көп мөлшерде жүргізіледі. Бұл үшін бұл аудандар өнеркәсіп орындарынан жаңадан көптеген техника алады. Осылардың бәрі аталған аудандарда механизатор кадрларын неғұрлым көп даярлауды талап ететіндігі сөзсіз.

Облыс партия және совет органдарының басты міндеттерінің бірі — механизатор кадрларын даярлайтын мекемелердегі кемшіліктерді тез жою, МТС-тер жанындағы тракторшыларды, комбайншыларды қайта даярлайтын курстердің жұмысын жақсарту, оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын күшейту, оқу сапасын арттыру болып табылады. Кәзір бұған керекті мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Міндет — сол мүмкіншіліктерді сарқа пайдалана білуде.

ТЕЛЕГРАММА

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне

және

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Министрлер Советіне

Қымбатты жолдастар!

Сіздердің менің туған күніме байланысты құттықтауларыңыз үшін сіздерге шын ниетпен алғыс айтамын.

Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясының басшылығымен совет халқының коммунизм құрылысының ұлы ісінде жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдіруге маған рұқсат етіңіздер.

МАО ЦЭ-ДУН.

4 январь 1954 жыл.
ПЕКИН.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына

ТЕКЕЛІ. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Текелінің кәсіпорындарында үгітшілер Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы, совет халықтарының ұлы достығы мен туысқандығы туралы өңгімелер өткізуде. Олар өз өңгімелерінде туған қаласының тұрмысынан айқын мысалдар келтіруде.

Полиметалл комбинатына Киев, Запорожье және Харьков заводтарында жасалған электр жабдықтары, НовоКраматорскіден көтерме шахта машиналары, Одессадан қуатты тоназдық қондырғылар, Мариупольдан трубалар келіп түсуде. Быйыл Украинаның за-

водтарынан мыңнан аса машиналар, аппараттар мен аспаптар алынды.

Советтік Украина Текелі қаласына мамандар жіберіп зор көмек көрсетуде. Мұнда Кривой Рог кен-руда институтын бітірген инженерлер Сухарева, Пихаленко, Сидоренко, Перекопский, Мишнаевский жолдастар еңбек етуде. Инженер Скипочка жолдас Днепропетровскідегі, комбинаттың энергетигі Каманевский жолдас Харьковтегі институтты бітірген. Текелінің таңдаулы өндірісшілері жұмыс тәжірибесін алысу үшін Кривой Рогтің кеншілеріне жыл сайын барып тұрады.

тысуда. Мұнда 3 жыл центнер деңгейде қылдар тұқымының әлі күнге дейін жартысына жуығы да тазартылған жоқ.

Бұл жұмысты ойдағыдай жүргізуге артыла күй- мүмкіншілік жеткілікті. Атап айтқанда қуатты «ВИМ» машинасы мен 2 жаңа триер бар. Бірақ, олар өнімсіз пайдаланылып келеді. «ВИМ» машинасының жұмыс істеуінен босқа қарап тұруы көп. Ал, екі триер іске мүлде қосылмай отыр. Бригадирлер Южин мен Молдагулов жолдастар «ВИМ» машинасына ғана сеніп, екі триермен жұмыс жүргізуді ойламайды да.

Колхоз басшылары тұқымдық астықты тез арада тазартып, шығымдылық сапаға жеткізудің нақтылы шараларын қолданулары қажет. Бұл жөнінде колхозда болып отырған кемшілікке төзуге болмайды.

П. КАЗАНОВСКИЙ.

Сталинград СЭС-нің құрылысында

Суықтың түсуіне қарамастан, СЭС корпусы орналасатын котлованда жұмыс бір күн де тоқтамайды. Оның түбінде Волга суының деңгейінен 25—26 метр төменді темір-бетон плиталардан салынған жол жатыр. Бұл—бетон тасыйтын магистраль, онымен жақын арада котлованға бетон ағылатын болады. Котлованның жиектерінде биік мунаралар орнатылған, оларда түнде ондаған қуатты прожекторлар құрылыс алаңдарына жарық беріп тұрады. Жұмыс тәулік бойына жүріп жатады. Әсіресе, болашақ рисберма алаңында жұмыс өте қызу өрістейді.

Рисберма —орасан зор темір-бетон ыдыта. Оған плотинадан су құлап ағатын болады. Соңғы күндерге дейін мұнда екі қуатты экскаватор жұмыс істеді, оларды бригадир-шеберлер Николай Сычев пен Иван Мещеряков басқарды. Олардың машиналары жерден 100 мың текшеметрден артық топырақ қопарып, автомашиналарға артты, сөйтіп, 2.000 шаршыметрлік алаң дайындалды.

Жуықта бұл экскаваторлар жер қазу жұмыстарын аяқтап, алаңнан кетті. Олардың орнына құрылысшы жұмысшылар—котлованның жаңа иелері келді. Екі айдан бұрын олар рисберманың өзі үшін негіз болған жерге алғашқы текшеметр бетонды құйды. Кәзір құрылысшылар негізгі жұмысқа кірісті. Бетон блоктарға салынады, онда биіктігі үш метр арматура орнатылған.

Сталинград СЭС-і үйі салынатын котлован орасан үлкен. 75 гектар алаңды алып жатқан котлованда кіші-гірім қалашық еркін орналасып кетер еді. Котлованның тереңдігі көп жерлерде 30 метрден асады, экскаваторлар кәзір де оны тереңдетіп түсіп жұмыс істеп жатыр. Кәзір олар алаңды деп аталатын жердің жартылай тасты қыртысын қазып жатыр.

Бірақ, құрылыс алаңы жалғыз котлованмен бітпейді. Олар Волганың сыртында алып жатыр. Айналада көмекші өндіріс орындарының корпустары мен үйлері орналасқан, оларсыз су электр станциясының ойдағыдай салынуы мүмкін емес. Қаптау плиталары зауытының, арматура, автомобиль жөндеу және орасан зор бетон

әрі тез жыйнау қожанышыға үлкен сыба. Мен бұл сыннан жыл сайын мүдірмей өтін келемін.

1953 жылдың егін орағы кезінде Аманкелді атындағы кохозда жұмыс істедім. Мұнда аз уақыт ішінде «Сталинец—6» комбайнымен 659 гектар егін жыйнап, 7 мың центнер астық бастырдым. Бұл, әрине, табысқа жетудің шегі бола алмайды. Өйткені, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қойған талаптарды жүзеге асыру бізден, механизаторлардан әлі де көп жұмыс істеуді талап етеді.

Міне, сондықтан да мен тракторларды комбайндарды және басқа ауылшаруашылық машиналарын 1954 жылдың көктемгі дала жұмыстарына әзірлеуде белсене еңбек етудемін. МТС-те жөндеу жұмысының қызу кезеңінде токарлар үлкен роля

мен өкініш жағдайдағы токарлардың меңгердім. Кәзір жөндеу мастерскойында токар болып істеймін. Бұл жөніндегі күндік тапсырмамды үнемі 150—160 процент орындай келемін. Машинаның бөлшектерін өндеуде ісімнен ақау шықпауына ерекше назар аударамын.

Барлық жөндеуші-механизаторлардың қажырлы еңбек етуінің нәтижесінде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу әрі сапалы, әрі өнімді жүргізуде. Біз еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсіп, МТС-тегі барлық тракторларды, комбайндарды басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді мерзімінен бұрын аяқтап шығуды қамтамасыз етеміз.

Ф. ЛИСОВИК,

Шағлы МТС-нің комбайншысы.

заводтарының әрқайсысы бірнеше гектар жер алып жатыр.

Бұл күндерде, әсіресе, бетон зауытының құрылысында жұмыс өте қызу. Құм, тас, ығаш, металл заттар тиелген машиналардың ағылып келіп-кетіп жатқанын көреміз. Айналада —бульдозерлер, автокрандар шапшаң жұмыс істеуде. Арнап салынған темір жолмен түрлі жабдықтар тиелген вагондар келіп жатады. Заводтың негізгі құрылыстары салынып болған. Бірінші секцияда жабдықтарды монтаждау аяқталды. Мұнда қуатты бетонрасталыстырғыштар, суды, құмды, тасты, цементті өлшеушіне дәлме-дәл мөлшермен өлшеп беріп тұратын күрделі автомат-таразылар орнатылған.

СЭС үйі салынатын котлованға алғашқы бетонды кәзір жұмыс істейтін кіші бетон зауыды берді. Ал, салынып жатқан үлкен завод Сталинград СЭС-ін салуда шешуші роль атқармақ. Ол тәулік сайын 10 мың текшеметрге дейін бетон беріп, ал, барлығы бірнеше миллион текшеметр бетон даярлайтын болады. Бұл үшін ондаған мың вагон құм, тас керек, ал, олар Волганың оң жақ жағасында. Бұл көп жүкті сол жаққа жаздың күні пароход пен баржалар немесе Саратов арқылы темір жолмен жеткізуге болар еді, бірақ бұл мемлекетке қымбатқа түсер еді. Сондықтан құрылысшылар өзен арқылы аспалы жол салуды ұйғарды.

1954 жылдың жазында-ақ жолаушылар пароходпен Сталинград СЭС-і жанынан өтіп бара жатып, Волганың оң жағынан сол жағына дейін тартылған үлкен аспалы жолды көреді. Ол биіктігі 132 метрлік пилондарға бекітіледі. Сталинград құрылысшылары салып жатқан бұл аспалы жол бұрын болып көрмеген күрделі құрылыс. Мұндай жолдар біздің елде, шетелдерде де салынып көрген жоқты.

Волганың жағаларында, суды плотина көлденеңінен бөгейтін жерінде, кәзірдің өзінде орасан зор бетон фундаменттерде аспалы жол тартылатын пилондардың фермалары көрініп тұр. Олар сондай биік, олардың ұшар басына жүк көтеретін крандар жетпейді, сондықтан фермаларды

олан әрі биіктету ісі жылжымалы крандармен атқарылатын болады. Мұндай кран фермаларды өзі жылжып отырады, сөйтіп, ферманы қандай биіктікке болса да өсіре алады. Кәзір осындай төрт кран жасалды, олар осы жұмысты атқаруда.

Волга арқылы тартылатын аспалы жолды салушыларға сым арқандардың беріктігін байнау жөнінде үлкен жұмыстар істеу керек. Бұл үшін онжак жағада 750 метрлік астакада -стенд салынды. Осының өн бойына сым арқан тартылып, 120 тонналық салмаққа үзіліп кетпейтіндігі сыналды.

Волга арқылы салынатын аспалы жол Сталинград СЭС-нің құрылыс алаңын онжак жағамен және Сталинградпен байланыстыратын аса маңызды магистраль болады. Онымен жүктің басым көпшілігі тасылады. Бетон жұмыстары және құрылыстарды салу жұмысы көп өрістеген кезде тәулік сайын 18 мың текшеметрге дейін бетон салынады, ал, бұл кезде аспалы жолмен сағатына 900 тоннадай жүк тасылатын болады.

Сталинград СЭС-нің құрылысы аяқталған жылы аспалы жол Волганың арнасын бекітетін жүктерді тасуға пайдаланылады. Аспалы жолмен жылжып отыратын вагонетшалардан өзенге тас төгіледі, сөйтіп, өзеннің арнасында көлденең тас жол жасалады, бұдан соң топырақ сорғыш снарядтар оның үстіне плотина жасайды. Волганың арнасы көлденеңінен бірнеше сағатта бекітіліп болады.

Аспалы жол салушылардың қысы быйыл қызу жұмыспен өтеді. Волганың бетін мұз жабатын өте қысқа мерзім ішінде оларға пилондар мен аспалы жолдың өзін монтаждау жөнінде үлкен әрі күрделі жұмысты істеу керек. Волга арқылы тартылған сым арқандардың салмағының өзі гана 880 тонна.

1953 жыл құрылысшылар үшін күрделі жер жұмыстарын атқару жылы, құрылыстың негізін салу жылы болды. 1954 жыл жаңа кезек болады. Сталинград СЭС-нің құрылыстарына бетон салынады.

В. ЕРЕМЕНКО,

Сталинград қаласы.

Мұнымен қатар Албанияның кәсіпорындары жоғары мамандығы бар жаңа техникалық кадрлармен толықтырылуда. Кәзір уақытта құрылыс жұмысында істеп жүрген инженерлердің саны Албанияның азат етілуінен бұрынғы инженерлердің санынан 3,5 есе артық.

Сол сыяқты, жұмыстарды механикаландыруда ауыл шаруашылығында да үлкен табыстар бар.

Польшада мемлекеттік және кооперативтік сауданың өрістетілуі

ВАРШАВА, 8 январь. (СОТА). 6 жылдық жоспар қабылданғаннан кейін төрт жылдық ішінде Польшада товар айналымының жоспары 3 еседен астам ұлғайтылды. Карточка системасының жойылуы және азық-түлік, өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағаларын төмендету еңбекшілерді халық көп тұтынатын товарлармен қамтамасыз етуді едәуір жақсартуға көмектесті.

Елде сауда орындары үнемі көбейе түсуде. Магазиндер мен бөлшек сауда орындарының саны соңғы төрт жылдың ішінде 80 проценттен артық өсті. Поляк деревнялары өткен жылы 1952 жылғыдан 13 процент товарларды артық алды. Тіканы, еркек және әйелдердің сыртық киімдері, аяқкиімдер, құрылыс материалдарын село халқына сату ерекше өсті.

1954—1955 жылдардың ішінде селолық жерлерде 2 мың магазин және сауда орындары ашылатын болады.

Чехословакия халық шаруашылығын дамытудың 1954 жылғы жоспары

ПРАГА, 7 январь. (СОТА). Чехословакия Республикасының үкметі 6 январьда республика халық шаруашылығын дамытудың 1954 жылғы мемлекеттік жоспарын мақұлдады. Жоспар 1953 жылғы 15 сентабрыдегі үкмет мәлімдемесінде көрсетілген директиваларды еске алады және өндірісті барған сайын ұлғайта беру, еңбек өнімділігінің артуы және шаруашылық жұмыстарын жан-жақты жақсарту негізінде еңбекшілердің тұрмыстық дәрежесін үнемі арттыра берудің қажеттігін көздейді.

Мемлекеттік жоспар ұлттық жыйналыстың талқылауына тапсырылады.

Болгарияда Г. М. Димитров шығармаларының басылып шығарылуы

СОФИЯ. (СОТА). Болгар телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, болгар Коммунистік партиясының баспасы Георгий Димитров шығармаларының сегізінші томын басып шығарған. Бұл томға Г. Димитровтың 1924 жылғы октябрьден 1929 жылғы августқа дейін жазған еңбектері енгізілген. Тиражы—80 мың дана.

Сәбит МУКАНОВ

Украинада сапар

2. ЖАУ САЛҒАН ЖАРАЛАР

(Жалғасы. Басы газетіміздің өткен санында).

Киевке біз күн жаңа шашырап шыға берген кезде жеттік. Түннен бері тұман-данған ауа райы, көк жиектен күн сығалап қараудан бастап сергуге айналған еді. Біз Днепр өзенінің көпірінен өте берген кезде біржола айғып, дүние жарқырап жайнады да кетті.

Днепр!.. Кескінінді жаңа көргеніммен, сенің данқынды мен әдебиеттен талай көргем! Сен, ең алдымен, «Игорь полкы туралы сөз» зор махаббатпен жырлана-тысың! Гоголь ше? Саған балы сорғалаған нелер тамаша сөздерін арнамап па еді ол! Шевченко ше?.. Патша үкметінің айдауында, аяқ-қолы кісендеулі жүрген кезде, сені сағынып, көзінен нелер рет жас төкпеді ол, саған арнап нелер ыстық жырлар жазбады ол! Айдау тепкісі тытқығына жетіп қайтқан оның жаны кеудесінен түреген жүргенде үзілген жоқ па еді, сөйтіп ол, Днепр — сенің жағанда мәңгі ұйықтаған жоқ па еді? Бүгінгі Совет ақын, жазушыларының жыр бұлағы емесіңің, сен, Днепр? Неміс фашистері уақытша сені басып алғанда, жаудан сені азат етуге менің туыстарым — қазақтар да қатынасқан жоқ па еді? Днепрді жаудан босатуда 17 қазақ Совет Одағының Батыры атағына ие болды» деген хабарды оқығанда, қуаныш пен мақтаныштан төсем көкке тие жаздаған жоқ па еді менің! Міне, енді, азат Днепр, тыйыш қана ағып, Совет Одағының сансыз өндірісін, қала-селосын қуатынмен қамтамасыз етіп жатырсың. Сенің жағанда 1927 жылы салына бастап, 1932 жылы біткен бір Днепр ГЭС-тің өзі ғана революциядан бүрбінғы Россияда қуат беретін электр станциялардың барлығына татымай ма! Одан басқа нелер гиганттар жоқ, сенің жағанда! Жасай бер, көркейе бер Днепр! Қуатыңды арттыра бер!

Днепрдің көпірінен өте, темір жол біраз уақыт қаланы ораңқырап жүрді. Жол төменде, қала биікте. Жарқабақтың бергі мұлай берісіне салынған үйлердің бәрін де қорасында жеміс бақшасы. Біз қаланы түгел көруге құмартып келеміз. Оған ойлы-қырлы биік жар мүмкіндік бермейді. Өзірге көріп келе жатқан қаламыздың көлемі шегінен сыяқты. Біз соны айтқан едік, мұнымызды естіген қала жайын жақсы білетін бір жолаушы:

—Бұл керемет зор қала. Бірақ, бұл ойлы-қырлы жерге орналасқандықтан, бір бетінен еш уақытта тегіс көрінбей, көбі көзден тысаланып тұрады. Тегіс көру үшін оның ішін барлау керек,—деп тұсіндірді.

үінің басынан шын мағнасындағы жұмсақ интеллигенттік пен советтік бауырмалды аса айқын сезіліп тұратын еді. Сол дағдысымен, вагон коридорында сонадайда таныған Микола, бөрікін алған басыны қасқа маңдайы мен төбесі айнадай жал тырап пенсіз көздірігіне күлімсіреп қараған қысыңқы көзі шағылысып, қолын ұстаған құндыз беріні бұлғап.

—Сәбит!—деді.
—Ми-по-ла!—леймін мен.
Біз тысқа шығып, «вокзал» маңындағы бір ұзын үйге қарай беттедік. Микола менімен қатар келеді. Бәрімізді бастап орт бойлы, тығыршық тік денелі, шоғна ая сақалы, ернін жиектей қырыққан ая мұртты, азаматша киінген бір карт бастап келеді. Оның жүрісі пысық, кескіні ажарқын. Бұл картты мен көрген сыяқтымын, бірақ, —қайда? Оған жауап та алмаймын. Ақыры, білгім кеп:

—Осы кііі кім?—деді мен Миколага.
—Қазақстан өмілдерін қарсы алуға шыққан біздің адамдардың бастығы.
—Аты кім?
—Ковпак.
—Ковпак!..
—Ия, Ковпак.—деді Микола, менің таңдана берген сұрауыма түсінбеген бей-менен.
—Сидор Артемьевич?..
—Ия.
—Көдімігі, ертегіге айналған батыр. Украинадағы партизан қозғалысының командирі?
—Соның өзі!
—Міне, гажап,—депші мен, көзімді бажырайтып, ұртымды томпайтып, алақанымды соғып.
—Бұрын көрген жоқ па едің? — деді Микола.
—Жоқ.

Таңданабағанда ше? Нелер гажап әңгішелер, өлеңдер оқымадық біз ол туралы және оның комиссары Семен Васильевич Руднев туралы.

... Ұлы Отан соғысы басталған кезде, Украинадағы Путивль қаласы тез арада жаудың қамауында қалады да, қаланың Советтің председателі Сидор Артемьевич Ковпак пен осовиахим Советінің председателі Семен Васильевич Руднев екеуі, 53 кісіден партизан отрядын құрып, жаумен күреске шығады. Осы отряд ұлғая кеп, саны әлденеше мыңдарға жетеді. Ковпак пен Руднев отрядының жауға берген соққысында есеп жоқ. Сондықтан да үкмет оларды жоғары бағалап, екеуін де генерал-майор дәрежесіне көтерді, екеуіне де Совет Одағының Батыры деген зор атақ берді.

Ковпак және Руднев туралы оқыған материалдарыма берілгенім сондай, мен оларды әдеттегіден тысқары алам сыяқты

Сол сапардан қайта «Торғайдың сұңқарлары» деген атпен Аманкелді туралы ұзақ повесть жазып жариялаған Десняк, Ұлы Отан соғысы күндерінде, Отан қорғау ісінде қазаға ұшырағанын соғыстан кейін естігем. Масенко тірі дескен.

Бізге Масенко «Европа» қонақүйіне орналасып үлгіргенше келіп қалды. Бажан ма кезде Украина Министрлер Советі председателінің орынбасары болатын. Той қабыдына байланысты қызметінің кептігін айтып, ол бізден рұхсат алды. Қаланы Масенкомен араламақ болдық.

Қонақ үйге жақын жерде екі тарихи ескерткіш бар екен, бірі—«Алтын қақпа», екіншісі «София соборы». Бұл екеуін де 1037 жылы «данышпан Ярослав» салдырған. «Алтын қақпаның» екі жағынан, қаланы айнала ол кезде шымнан қорған соғылған екен, көзір, қорғаннан ешбір із жоқ. «Қақпа» одан бері де талай бұзылғанмен, сол түрінде қайтадан тұрғызыла берілті. Көзір ол аман, айналасы темір шарбақпен қоршаулы.

София соборына түскен жаудың бомбасы төбесін тесіп өтіп, ішін біраз қырғатқан екен. Аралап көрсек, салынуына мың жылдай болған бұл собордың денесінде, голын жатқан заманның таңбасы бар: XI және XII ғасырларда половецтер Киевті жаулап ал, қаламен бірге София соборында өртейді. XIII ғасырда оны татарлар өртейді. Бірақ, Киев халқы, қаласын түзеумен қатар, өздерінің архитектуралық қымбат ескерткіші София соборын да әрдайым оңдайды. Жалпы одан бері де Собор талай рет өңделіп, ішкі-тысқы әшекейлері жаңарады, ақыры XVI ғасырдан бастап Европада үстемдік алған Барокко стилімен өзгереді.

—Көрмеге солай болғанмен, — дейді Масенко, —Барокко стилінің астында, әлде неше стильдің астары жатыр.

Бүгінгі қабырғалардың опырылған тұстарынан біз ондай астарлардың талайын көрдік. Түгелімен апатқа ұшыраған «Киево-печерская Лавраны» көрмесек біз «София Соборына жаудың бомбасы әлде қалай түскен болар» дер ек. Көлемі төрт-жес шаршы шақырымдай бұл Лавраның айналасы бір кезде биік тас қорғанмен қоршалған екен, қорған ішіне әлденеше шіркеулер салынған екен, олардың қасынан христиан дінінің академиясы ашылған екен. Қорғанды іргелей, соғылардың үйшіктері (келья) орналасқан екен. Шіркеу төңірегіндегі алаңдарға патша тұқымдары, «ақ сүйектер», дін бастықтары көміліп, оларға қымбат тастардан ескерткіштер қойылған екен.

Совет үкметі орнап, бұл «ұядан» діншілдер тарайды да, тарихи ескерткіш есебінде үкмет Лавраны мемлекеттің қутуіне алады.



КИНО

„ЖОЛДАС НАМЫСЫ“

Облысымыздың кино-театрлары экрандарында жазушы Б. Изюмскийдің «Ал қызыл погондар» повесті бойынша «Ленфильм» киностудиясы жасап шығарған «Жолдас намысы» кинофильмі көрсетіле бастады. Көрүші жұртшылық бұл фильмді кино искусствосындағы балалар мен жасөспірімдер үшін жасалған картиналардың ішіндегі едеуір дәрежеде сәтті шыққан жаңа шығарма деп қарсы алуға.

Көркем әдебиет шығармасының болсын, искусство шығармасының болсын қүндылығы, алдымен, онда өмір шындығының қандай проблемасының қойылуына және ол проблеманың қалай қойылып, қалайша шешілуіне байланысты бағаланады. Біз «Жолдас намысы» картинасына да зритель ретіндегі пікірімізді осы тұрғыдан айтқымыз келеді.

Авторлар картинада Суворов училищесінде жас буындардан болашақ совет офицерлерін тәрбиелеу мәселесін көрсетуді алға қойған да, оны өте шебер шеше де білген. Бұл жағынан алғанда картинаның маңызы өз шеңберінен асып жатыр деуге де болар еді. Өйткені, фильмді көрген балалар да, жасөспірімдер де зор тәрбиелік өсер алады, тіпті тәрбиешілік рольдерін жете түсіне түсу жағынан картинаның ата-аналарға да тигізетін өсері зор.

Фильмді жасаушылар картинаны әрі мазмұнды, әрі қызықты және өсерлі ету үшін училищедегі оқу, өскери қатты тәртіпті сақтау сыяқты мәселелерді қамтумен қанағаттанып қоймаған, біздің совет балаларының ішкі рухани дүниесі-

ді, бірақ, өзін жоғарырақ санаушылықтан құр емес. Ал, Володя аздап тұйық мінездеу, бірақ, қарапайым, ақылды, нәзік сезімді жас өспірім, музыканы жақсы көреді, өлең де жазады. Бір күні таңертеңгі тамақты ішіп отырғанда екеуі бір нәрседен ренжіседі. Володя Геннадийді жақтан салып қалады да, шығып жүре береді. Бұл үшін ол жазаланады. Бұдан соң Володьяның қолына кітапханадан алған кітаппен бірге Геннадийдің біреуге жазған хаты түседі. Бірақ, ол біреудің хатын өдейлеп оқыйын деген жоқ еді, оған бұл хатты өзінің жолдас қызы Галя байқамай оқып береді.

Бұл оқыйғаларға Володя мен Геннадий оқыйтын взвод, комсомол ұйымы, тәрбиеші майор Боканов, училищенің басшылары жеңіл-желпі қарамайды. Қателік кімде, бұл оқыйға неліктен болды? —міне, осыны табу керек. Училище бастығы генерал Полуэктовтың кабинетіндегі кеңес, комсомол жыйналысындағы және майор Бокановтың генерал Пашковпен (Генаның әкесі) әңгімесіндегі сценаларда бұл мәселе дұрыс шешіледі.

Үлкен өмір жолынан өткен, осының белгісіндей сақал-шашы бұрыл тарқан карт генерал Полуэктов училищедегі таңдаулы деген екі оқушының тәртіп бұзуы жөй ғана нәрсе емес екендігін, жалпы тәртіпті, тәрбие жұмысын күшейту қажеттігін, өйткені, адамды тәрбиелеу өте жауапты, мемлекеттік іс екендігін ескертеді. Комсомол жыйналысында достық жолдастың кемшілігін бетіне

Ғылыми-техникалық ынтымақ жөніндегі совет-чехословак комиссиясының сессиясы туралы мазмұндама

1953 жылғы декабрьде Москвада СССР мен Чехословак Республикасы арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақ жөніндегі совет-чехословак комиссиясының бесінші сессиясы болды.

Сессияда елдер арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтың кезекті мәселелері қаралды және өнеркәсіп орындары мен тұрғын үйлердің күрделі құрылыстарының жобалау-техникалық документтерін, машиналар мен жабдықтардың ең жаңа түрлерін жасауға керекті жұмысшы чертеждерін, әртүрлі өнімдер өндірудің технологиялық процестерінің сыпаттамаларын, ғылыми-техникалық әдебиет және ведомстволық документтер алысып-берісу жөнінде өзара жаңа міндеттемелер алынды.

Совет Одағы Чехословак мамандарының халық шаруашылығының әртүрлі салаларындағы ғылыми-техникалық табыстармен және жұмыс тәжірибесімен танысуына мүмкіндік береді; сонымен қатар өнеркәсіп орындарында өндірістік-техникалық практикадан өтуге мамандар қабылдайды.

Чехословак Республикасы өз тарапынан бір той совет мамандарының чехословак өнеркәсібінің кейбір салаларының өндіріс тәжірибесі мен және ғылыми-техникалық табыстарымен танысуына мүмкіндік береді.

Совет Одағының халықтық демократиялық елдермен ғылыми-техникалық ынтымағының негізінен алынған принциптерге сәйкес, ғылыми-техникалық көмек, сондай-ақ техникалық документтер тегін беріледі.

ПРЕЗИДЕНТ ЭЙЗЕНХАУЭРДІҢ АҚШ КОНГРЕСІНЕ ЖОЛДАҒАН ХАТЫ

НЬЮ- ЙОРК, 8 январь. (СОТА). Кеңше президент Эйзенхауэр елдің жағдайы туралы АҚШ конгресіне арнап хат жолдады.

Хаттың сыртқы саясат жөніндегі бөлімінде АҚШ-тың Азиядағы және Батыс Европадағы саясаты баяндалады.

Эйзенхауэр Құрама Штаттар «Кореяда ерекше мүдделі» екендігін көрсетеді. АҚШ уақытқа арнаулы шек қоймай Окинавада өзінің базаларын сақтайтын болады, Чан Кай-шиге соғыс және экономикалық көмек көрсете береді, Францияға, Индо-Қытайдағы соғыста Францияға көмекті күшейтеді деп мәлімдейді. «Индо-Қытайдағы күресті ойдағыдай аяқтау үшін, делінген қатта, — мұна былай да көрсетілетін материалдық көмекті конгрестің бекітуін сұраймын».

Батыс Европадағы саясат туралы айта келіп, Эйзенхауэр, бұрынғысынша бұл саясат «Солтүстік-Атлантика догворына» негізделеді және оның мақсаты «европалық қорғаныс бірлестігін» жасақтау болады, ол «Европа хауіспіздігіне кепілдік береді»-міс, деп баса айтқан. Мұндай саясатты ақтауға тырысып, президент атыңды «коммунистік

